


ГЕОГРАФИЯ – ОҚУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖЕР ҒАЛАМШАРЫ ТУРАЛЫ ЖҮЙЕЛІ ТҮСІНІК БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ ОҚУ ПӘНІ. САПАЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ, КАРТОГРАФИЯ МЕН ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. БҰЛ ТИІСІНШЕ БОЛАШАҚ МАМАНДЫ ЭКОНОМИКА, ЭКОЛОГИЯ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК САЛАЛАРЫНА ДАЙЫНДАУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ. ДЕМЕК ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ АДАМНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСЫП, ҚОҒАМДАҒЫ БЕЛСЕНДІ АЗАМАТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ЗОР ҮЛЕС ҚОСАДЫ.



# Салалар тоғысындағы даму жолы

Осындай қажеттіліктер туындағандықтан, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында әр кезеңде география, география-тарих педагогикалық бағыттарымен қатар туризм, сервис және су ресурстарын басқару, суды пайдалану сияқты мамандықтар ашылған болатын. Бұл мамандықтардың енгізілуі өңірдің табиғи-географиялық ерекшеліктеріне, экономикалық даму бағыттары және кадр даярлауға деген сұранысқа тікелей байланысты.

География және география-тарих мамандықтары оқушыларға табиғи және қоғамдық процестерді кешенді түсіндіре алатын білікті педагогтер даярлауға бағытталса, педагогикалық бағыттар білім беру саласына кәсіби мамандарды дайындауды көздейді. Ал туризм және сервис саласы аймақтың рекреациялық әлеуетін дамытып, су ресурстары мен суды пайдалану мамандықтары табиғи ресурстарды тиімді басқару мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге негіз болды. Осылайша, университетте әр жылдары ашылған мамандықтар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сай келетін білікті кадрлар даярлауда маңызды роль атқарды.

## ӘЛҚИССА...


Бүгінде университет заманға сай білім беру технологияларын енгізіп, ғылыми зерттеулерді дамытуға және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған іргелі оқу орны ретінде қалыптасты. Жоғары оқу орнының жылнамасын белгілі ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Аққали Ахмет түпкілікті зерттеп жазып жүр. Былтыр 13 қазанда «Сахара» газетіне шыққан мақаласында мынадай мәлімет бар екен:

«1939 жылдың 13 қазанында Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Гурьевте екі жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы «Гурьев облысының шаруашылық және мәдени құрылысын дамыту жөніндегі іс-шаралар туралы» қаулысы жарық көрді. 1940 жылдың қыркүйегінен бастап Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Институтқа 123 студент қабылданып, оның 83-і қазақ, яғни 67 пайызды құрады. Бұл сол уақыт кезеңімен қарағанда үлкен жетістік болатын.

1941-1942 оқу жылында да бұл институтқа 120 студент қабылданып жоспарланады. Жоспарды Халық ағарту комиссары М.Әбдіхалықов бекіткен. Өкінішке қарай, 1941 жылдың 22 маусымы күні Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институты Халық Комиссарлары Кеңесінің 1941 жылғы 9 тамыз күнгі №672 қаулысы негізінде Оралдағы мұғалімдер институтына қосылады.

Бұл деректік құжат Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорларында сақталған. Институттың оқу ғимараттары, кітапханасы және дүние-мүліктері Гурьев педагогика училищесі балансына беріледі...»

Демек, архив деректеріне сүйенсе отырып, Атырау өлкесіндегі бүгінгі күнгі жоғары білім беру, ғылым, тәрбие саласында, қоғамдық-саяси өмірде де өзіндік ерекше орны бар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті тарихи бастауын 1940 жылдан алады деуге толық негіз бар.



## ЖАҢА МАМАНДЫҚ, ЖАҢА ТЫНЫС

1950 жылы тамыз айында қайтадан ашылған Гурьев мұғалімдер институтында үш факультет жұмыс істеді. Физика-математика, филология және жаратылыстану-жағырапия мамандығына 50 студент қабылданды. Ендеше, мамандық тарихын осы жылдан бастауға болар еді, алайда бұл бөлімде биология, химия, география, басқа да бірнеше пән қосып оқытылды және педагогикалық институт болғаннан кейін биология-химия мамандығы болып өзгерген. Сол кезде Қабдолла Кәріпқов, Петр Точный сияқты географ-ғалымдар жұмыс істепті.

Облыстың жалпы білім беретін орта мектептерінде география пәнінен мамандар жетіспеуіне байланысты сол кездегі Гурьев пединститутының

«Ботаника» кафедрасы құрамында 1990 жылы жаңадан «география-биология» мамандығы ашылды. Оны ашуда сол кездегі институт ректоры Жамбыл Ақылбаев, факультет деканы Мариям Алдамжарова мен кафедра меңгерушісі Ділді Байболатованың еңбектері орасан зор.

1993 жылы «география-биология» мамандығы «география-экология» мамандығы болып өзгертілген. Осы жылдар аралығында кафедрада алғашқылардың бірі болып доцент Роза Әлжанова, аға оқытушы Рахат Қабиров еңбек етті. 1991 жылы кафедраға Гүлнар Оспанова, 1994 жылы өлкеге танымал географ, академиялық профессор Есет Кәженбаев пен осы жолдардың авторы, 1995 жылы осы мамандықтың алғашқы түлектері Жұмагүл Қарамурзинова мен

Сақтагүл Көзболова жұмысқа орналасты.

1998 жылдан бастап «география-экология» мамандығы «География» мамандығы болып қайта өзгертілді. Осы кезеңде кафедра құрамына оқытушылық қызметке Сауле Қарабалина, Гүлшат Нұрғалиева қосылды. Тарих-филология факультетінің жанынан 1998-1999 оқу жылынан бастап Тарих-география мамандығы ашылуына байланысты, «тарих-география мамандығы» болып өзгертіліп, «Дүние жүзі тарихы» кафедрасының құрамына берілді. Сол жылдары кафедраға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінен Нұрғаным Бөлтеева ауысып келіп, жас маман Айгүл Бексауытова жұмысқа шақырылды.

## ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

«Дүние жүзі тарихы» кафедрасынан «География және оқыту әдістемесі» кафедрасының бөлініп шығып, дербес құрылым ретінде өз жұмысын бастағаны 2001 жылы еді. Кафедраның алғашқы меңгерушісіне «география және туризм» мамандығының негізін қалаушылардың бірі, доцент Роза Әлжанова тағайындалып, 2020 жылға дейін табысты басшылық етті.

Кафедраның қалыптасып даму жылдарында отандық және шетелдік беделді ғалымдар еңбек етіп, өңірлік ЖОО-ның ғылыми әлеуетін арттыруға зор үлес қосты. 2006-2007 оқу жылында кафедра базасында ашылған «Туризм менеджері» мамандығы алғашқы студенттерін қабылдады. Жаңа бағыттың дамуына байланысты кафедра құрамы Әсемгүл Мұстафина, Ринат Ғилажев, Жанар Ақтаубаева, Арайгүл Оңдасынова, Тойған Жәлелова, кейінірек Элина Исағалиева мен Гауһар Таскалиева сияқты жас мамандармен толықты. Осы кезеңнен бастап кафедра Атырау өңірінің туризм саласын дамытуға үлес қосатын жүздеген білікті маманды даярлап шығарды.

2009 жылы аға оқытушы Гүлшат Нұрғалиева кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, «география ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін иеленді.

## ОҚЫТУШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТ АРТТЫ

2010 жылы кафедра атауының жаңартылып, құрылымдық өзгерістерге ұшырауына сәйкес ол Гуманитарлық факультеттен Жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінің құрамына ауыстырылды. Осы кезде кафедраның ғылыми-оқытушылық әлеуеті жаңа кадрлармен толығып, педагогика ғылымдарының кандидаттары Рауза Жаналина мен Ғайни Баймұқашева жұмысқа келді.

2015 жылдың 7 қыркүйегінде «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы ашылды да, кафедра «География, туризм және су ресурстары кафедрасы» атауын иеленді. Бұл кезеңде профессор-оқытушылар құрамына ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Болат Мұхамбетов пен магистр-оқытушылар Салтанат Досқалиева, Нұргүл Сабурова, Жанар Қадашевалар қосылып, оқу процесінің сапасын арттырды. 2022 жылға дейін кафедра су ресурстарын басқару, сумен жабдықтау, мелиорация және экология салалары бойынша білікті бакалавр мамандарын даярлап, оларды өндіріс пен қоршаған ортаны қорғау салаларына табысты бағыттап келді.

2016 жылы аға оқытушы Ерлан Қабиев докторантураға түсіп, үш жылдан кейін PhD дәрежесін сәтті қорғаса, сол жылы аға оқытушы Ғайни Баймұқашева қауымдастырылған профессор ғылыми атағын иеленді.

Тәжірибесі мол Роза Әлжанованың құрметті еңбек демалысына шығуына байланысты 2020 жылы кафедраның тізгінін ұстау маған жүктеліп, бұл қызметті екі жыл атқардым. Осы кезеңде кафедра құрамында академик, геология-минералогия ғылымдарының докторы Нәсіпқали Сейітов те еңбек етті. Одан кейін кафедраға Әсемгүл Мұстафина жетекшілік етті.

Университет директорлар кеңесінің 2023 жылғы 9 қарашадағы шешімімен кафедра атауы қайта жаңартылып, «География және туризм кафедрасы» болып бекітілді. Келесі жылы магистр-оқытушылар Сақтагүл Көзболова мен Әсемгүл Мұстафина мемлекеттік грант иегері атанып, докторантураға қабылданды. Осыған байланысты 2024-2025 оқу жылында кафедраға Гауһар Таскалиева жетекшілік етті. Ал қазір кафедраға PhD, профессор Ерлан Қабиев басқарып келеді.

Ұжымда 10 оқытушы бар. Оның үшеуі ғылым кандидаты, екеуі PhD, алтауы – магистр-аға оқытушы.

## МЫҢҒА ЖУЫҚ МАМАН

Кафедра бүгінде үш негізгі бағытта – ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша жүйелі қызмет атқарып келеді. Оқу процесі студенттердің шығармашылық және танымдық белсенділігімен ұштасып, интеллектуалдық ойындар, туристік слеттер, экскурсиялар мен мәдени іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Соңғы ширек ғасырда кафедра 600-ге жуық мұғалім, 300-ге тарта туризм менеджері және 50-ге жуық су шаруашылығы инженері мамандарын даярлап шығарды. Түлектердің ішінде 10-нан астам ғылым кандидаты мен PhD доктор бар. Бүгінде олар еліміздің білім беру, мемлекеттік қызмет, бизнес және ғылым салаларында табысты еңбек етіп жүр. Бірнеше түлек жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқарса, кейбірі докторантура білімін жалғастыруда.

Соңғы үш жылда кафедра оқытушыларының

авторлығымен 3 монография, 4 оқу құралы жарық көріп, Scopus базасына енген халықаралық журналдарда және елдің ғылым мен жоғары білімі саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 20-дан астам ғылыми мақала жарияланды.

Кафедраның меңгерушісі, PhD доктор Ерлан Қабиев халықаралық «Болашақ» бағдарламасы аясында King's College London университетінде бір жылдық ғылыми тағалымдамадан өтті. Бүгінде кафедра төрт білім беру бағдарламасы бойынша бәсекеге қабілетті мамандар даярлап, ғылым мен білімнің сабақтастығын жалғастырып келеді.

**Арман ЖҮМАҒАЗИЕВ,**  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті география және туризм кафедрасының аға оқытушысы, магистр